

Аудандық бюджет қаражаты есебінен, жиырма бес проценттен жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 311 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 24 қазанда № 4256 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай Қарабалық ауданы әкімдігінің 22.01.2016 № 11 қаулысымен (алғаш қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы мен бұдан әрі мәтін бойынша "мәдениет және спорт" деген сөздер "мәдениет, спорт және ветеринария" деген сөздермен ауыстырылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 25.02.2014 № 65 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238-баптарына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен, жиырма бес проценттен жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с а ы ң т а л ы н .

2. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 67 "Аудандық бюджет қаражаты есебінен, лауазымдық төлемақы және тарифтік ставканы жиырма бес пайызға арттырылған құқығы бар ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4075 тіркелген, 2013 жылғы 4 сәуірде "Айна" газетінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а ы л ы н .

3. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Исмағұлов

КЕЛІСІЛДІ

_____ Г. Ягодин

Ә к і м д і к т і ң

2013 жылғы 26 қыркүйектегі

№ 311 қаулысына қосымша

Аудандық бюджет қаражаты есебінен, жиырма бес проценттен жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 28.11.2013 № 430; 25.02.2014 № 65 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.09.2015 № 245 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

- 1) үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі;
- 2) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- 4) п с и х о л о г ;
- 5) әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші;
- 6) жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 7) жұмыспен қамту орталығының маманы.

2. Білім беру мамандарының лауазымы:

- 1) білім беру ұйымдарының барлық мамандықтар мұғалімдері;
- 2) мектеп, мектеп-интернат директоры;
- 3) жалпы білім беретін мектептердің, мектеп-интернаттардың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім берудің басқа да ұйымдарындағы директордың ғылыми, оқу ісі, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары;
- 4) ә л е у м е т т і к п е д а г о г ;
- 5) п е д а г о г - ұ й ы м д а с т ы р у ш ы ;
- 6) қосымша білім беру педагогы;
- 7) п е д а г о г - п с и х о л о г ;
- 8) ә д і с к е р ;
- 9) м у з ы к а л ы қ ж е т е к ш і ;

- 10) аға жоғары ;
- 11) дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы;
- 12) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес меңгерушісі;
- 13) лагерьдің (сауықтыру) бастығы;
- 14) зертхана, кабинет меңгерушісі;
- 15) өндірістік оқыту шебері;
- 16) медбике ;
- 17) емдәмбике ;
- 18) кітапханашы ;
- 19) кітапхана меңгерушісі;
- 20) бастауыш әскері дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
- 21) аға тәрбиеші, тәрбиеші;
- 22) логопед .

3. Мәдениет мамандарының лауазымы:

- 1) мемлекеттік мекеме басшысы;
- 2) мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары;
- 3) кітапханашы, библиограф;
- 4) барлық атаулы суретші;
- 5) дыбыс жазу операторы;
- 6) әдіскер ;
- 7) хореограф ;
- 8) көркемдік жетекші .

4. Спорт мамандарының лауазымы:

- 1) директор ;
- 2) оқу бөлімі бойынша директордың орынбасары;
- 3) медициналық бикеші;
- 4) нұсқаушы, нұсқаушы – әдіскер;
- 5) әдіскер ;
- 6) жаттықтырушы .

5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

- 1) ветеринариялық дәрігер;
- 2) ветеринариялық фельдшер.